



БУЛАНДЫ АОРАРАТ

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

№ 17 (519)
01.05.2026

Аудан әкімі А. Смайыловтың мерекелік құттықтаулары ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІМЕН

Құрметті буландылықтар!

Сіздерді 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – бәріміз үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпыұлттық бірліктің мерекесі. Бүгінгі таңда бейбіт өмір мен ынтымақта тұрмыс кешіп отырған барша отандастарымыз үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің, татулық пен тұтастықтың, бірлік пен берекенің мейрамы.

Біз бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолына жұмылған қуатты елміз. Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең жоғары байлығымыз. Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету әрбір азаматтың міндеті болып табылады.

Түрі басқа болғанымен, тілегі бір, жүзі басқа болғанымен, жүрегі бір көпұлттың өкілдерімен бірлік арқасында өскелең ұрпаққа жарқын болашақ сыйлайық!

Құрметті жерлестер!

Бүгінгі бірлік мерекесі күні сіздерге бақыт, зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Бейбіт өмірдің берекесі, халқымыздың ынтымақ, бірлігі арта берсін.

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІМЕН

Қадірлі жерлестер! Сіздерді мемлекеттік мереке – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Біз бұл күні Қарулы күштер қатарында қажырлы қызмет еткендер мен сапта жүргендерге құрмет көрсетеміз. Мемлекеттің, қоғамның және әрбір қазақстандықтың қауіпсіздігін қорғаушылар мен өз еліне шексіз берілгендер де сондай ілтипатқа ие.

Ел халқына шат-шадыман күлкі мен тыныш өмір сыйлауда әскеріміздің атқарып жатқан қызметтері ұшан-теңіз. Армиямыздың айбынын асқақтататын сардарлар мен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады.

Уақыт алмасады, ұрпақтар өзгереді, бірақ Отанға сүйіспеншілік, қажырлылық, ерлік, жауынгерлік рухымыз өзгеріссіз қалады. Буландылықтар да өз Отанымыздың қорғаныстық қабілетін нығайтуға, Қазақстан халқының игілігі мен бейбітшілікті қорғауға лайықты үлесін қосуда.

Қымбатты жерлестер!

Бүгінгі ерекше күні Сіздерге шын жүректен бақыт пен татулық, әрбір отбасына ізгіліктер мен игіліктер тілеймін. Ардагерлеріміздің дені сау болып, солдаттар мен офицерлеріміз табысты қызмет ете берсін. Ержүрек және жігерлі адамдардың бұл мерекесі әрдайым қуаныш пен бейбіт күн әкеле берсін!

Уважаемые жители района!

Поздравляю вас с Днем единства народа Казахстана!

Этот праздник занимает особое место в календаре нашей страны, ведь он отражает главную ценность – сплоченность и единство народа, независимо от национальности, культуры и вероисповедания. Казахстан всегда славился своей дружбой народов, уважением к традициям, культуре и истории каждого этноса.

В этот весенний день хочется выразить особую благодарность всем жителям района за их вклад в развитие и процветание нашей малой родины. Только вместе, поддерживая друг друга, мы сможем достичь больших высот и преодолеть любые трудности.

Пусть в каждом доме царят благополучие, мир, согласие и любовь. Пусть единство и взаимопонимание будут прочным фундаментом для стабильного будущего наших детей!

С наилучшими пожеланиями крепкого здоровья, счастья, новых трудовых успехов и радостных событий в жизни!

Дорогие защитники Отечества!

От всей души поздравляю вас с Днём защитника Отечества – праздником мужества, чести и отваги!

Этот день символизирует гордость за героическое прошлое, уважение к настоящему и уверенность в будущем нашей страны.

Выражаем глубокую благодарность всем, кто служил и продолжает служить на благо Родины.

Пусть ваша доблесть, преданность и любовь к Отчизне всегда будут примером для подрастающего поколения.

Желаю крепкого здоровья, мирного неба, благополучия, стойкости и уверенности в завтрашнем дне!

С праздником!

С уважением, председатель районного
маслихата Н. СЕКСЕНОВ.

Май насыщен не только праздниками, но и активными сезонными работами

В районном акимате, под председательством акима района Ардака Смаилова, состоялось аппаратное совещание с участием депутатов районного маслихата, представителей правоохранительных органов, заместителей акима района, акимов сельских округов и города Макинска, руководителей самостоятельных отделов, учреждений и организаций.

Перед началом работы аппаратного совещания Ардак Дулатович проинформировал о кадровых изменениях в районе, представив активу вновь назначенного руководителя отдела жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Буландынского района Казбека Базарбаевича Мамытханова. Глава района ознакомил участников совещания с его профессиональным путем, пожелав успешной и результативной работы на благо Буландынского района, подчеркнув,

предпринимательства и сельского хозяйства Азамат Кабдулов доложил о ходе весенне-полевых работ, подчеркнув важность своевременного и качественного проведения посевной кампании как основы продовольственной стабильности и экономического роста региона.

О подготовке и проведении майских праздников - Дня единства народа Казахстана, Дня защитника Отечества и Дня Победы в Великой Отечественной войне - проинформировала главный специалист отдела внутренней политики Айгерим Сагиева. Она отметила значимость предстоящих мероприятий в укреплении общественного согласия, патриотического воспитания молодежи и сохранения исторической памяти.

С докладом о мерах по обеспечению пожарной безопасности в весенне-летний период выступил главный специалист отдела по чрезвычайным ситуациям Санат Есетов.

зультаты предыдущих лет являются свидетельством системного подхода в сельском хозяйстве, однако важно не останавливаться на достигнутом, а ставить перед собой амбициозные задачи и последовательно их реализовывать.

Особое внимание было уделено организации майских праздников. Ардак Дулатович подчеркнул, что майские даты имеют глубокое общественно-политическое значение и должны быть отражены в единстве, мира и патриотизма. Праздничные мероприятия, по словам главы района, должны не только объединять людей, но и формировать у молодого поколения чувство гордости за страну, уважение к истории и традициям, а также стремление к созидательному труду во имя общего будущего.

Особый акцент был сделан акимом района на вопросе, касающемся пожароопасного периода, о том, что необходимо



что сфера жилищно-коммунального хозяйства является одной из наиболее важных и чувствительных направлений, напрямую влияющих на качество жизни населения. Именно здесь сосредоточены повседневные задачи, а также значительная часть обращений граждан по социально значимым вопросам, требующим оперативного и ответственного реагирования. В этой связи эффективная работа в данной отрасли имеет особое значение и требует постоянного внимания и системного подхода.

В ходе совещания были заслушаны ключевые доклады по актуальным направлениям социально-экономического развития района. Руководитель районного отдела

Он акцентировал внимание на необходимости усиления профилактической работы среди населения и строгого соблюдения правил безопасности.

Глава района подробно обсудил все вопросы повестки дня, подчеркнув их высокую социальную значимость и влияние на развитие территории. Отдельно было отмечено, что с наступлением благоприятных погодных условий аграрии района приступят к активной фазе посевной кампании. От темпов и качества проводимых работ напрямую зависит будущий урожай, а значит - продовольственная устойчивость и благополучие жителей. Ардак Смаилов отметил, что положительные ре-

держат руку на пульсе, ведь с наступлением теплого периода возрастает риск возникновения пожаров в жилом секторе и природных зонах. Глава района обратил внимание на важность системной профилактической работы, информирования населения и формирования культуры безопасного поведения. Как было отмечено, предупреждение чрезвычайных ситуаций всегда эффективнее и гуманнее, чем ликвидация их последствий.

Совещание прошло в конструктивной и деловой атмосфере, с акцентом на практическую реализацию поставленных задач и дальнейшее устойчивое развитие района.

А. АМАНЖОЛОВА.



АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА



Болашақ ұрпаққа қалатын аманат

Өткен аптаның сенбі күнінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында аудан аумағында кең көлемді ағаш отырғызу жұмыстары ұйымдастырылды. Бұл игі бастама қоршаған ортаны қорғауға, елді мекендерді көгалдандыруға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған маңызды шаралардың бірі болып табылады.

Іс-шараға «AMANAT» партиясының мүшелері, мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, білім беру саласының өкілдері, сондай-ақ белсенді жастар қатысты. Барлық қатысушылар ортақ мақсат - туған жердің табиғатын көркейту, жасыл желек көлемін арттыру және экологиялық ахуалды жақсартуға өз үлесін қосу жолында бірлесіп еңбек етті.

Ағаш отырғызу барысында жас көшеттер егіліп, жасыл аймақтарды кеңейтуге ерекше көңіл бөлінді. Қатысушылар табиғатты аялаудың тек бір реттік акция емес, бұл - тұрақты мәдениет пен ортақ жауапкершілік екенін атап өтті. Себебі әр отырғызылған ағаш тек бүгінгі күннің сәні ғана емес, болашақ ұрпаққа қалатын аманат, табиғатқа деген қамқорлық пен өмірге деген құрметтің айқын көрінісі.

Шара барысында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаны ластамау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері де кеңінен қозғалды. Ұйымдастырушылар мұндай акциялар халықтың табиғатқа деген көзқарасын өзгертіп, жас ұрпақтың экологиялық санасын арттыруға үлкен ықпал ететінін атап өтті.

«Таза Қазақстан» акциясы аясындағы бұл бастама аудан тұрғындарының бірлігін, ортақ іске деген жауапкершілігін және туған жерге деген сүйіспеншілігін тағы бір мәрте айқындады. Алдағы уақытта да осындай игі істер жалғасын тауып, ауданымыздың экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілмек.

* * *

Забота о будущем поколении и бережное отношение к природе

В минувшую субботу в рамках республиканской экологической акции «Таза Қазақстан» на территории района были проведены масштабные работы по посадке деревьев. Данная инициатива направлена на улучшение экологической обстановки, озеленение населённых пунктов и формирование экологической культуры среди населения.

В мероприятии приняли активное участие члены партии «AMANAT», государственные служащие, сотрудники бюджетных организаций, представители сферы образования, а также активная молодёжь. Все участники объединились вокруг общей цели - внести вклад в благоустройство родного края, увеличение зелёных насаждений и улучшение экологической ситуации в регионе.

В ходе посадки деревьев были высажены молодые саженцы на открытой территории, рядом с лесным массивом, за чертой города. То есть, проведена работа по расширению зелёных зон. Участники отметили, что подобные акции - это не разовое мероприятие, а важная часть экологической культуры и общей ответственности общества. Каждое посаженное дерево - это не только вклад в благоустройство сегодняшнего дня, но и забота о будущем поколении, символ бережного отношения к природе.

В рамках мероприятия также были затронуты вопросы формирования экологического сознания, бережного отношения к окружающей среде и рационального использования природных ресурсов. Организаторы подчеркнули, что такие акции способствуют изменению отношения населения к природе и повышают экологическую грамотность подрастающего поколения.

Проведённая акция «Таза Қазақстан» в очередной раз продемонстрировала единство жителей района, их ответственность за общее дело и любовь к родной земле. В дальнейшем подобные инициативы будут продолжены, а работа по улучшению экологической ситуации в районе будет носить системный и постоянный характер.

А. ЕРМЕКҚЫЗЫ.



ЕҢБЕК ЖОЛЫНАН АЙНЫМАҒАН АДАМ

Еңбек адамы

Құрылғанына биыл 90 жыл толған «Ортақшыл» ауылынан талай тұлғалы еңбек адамдары өсіп шыққаны мәлім. Солардың бірі - ата-бабамыздың негізгі кәсібі малшаруашылығының еңбек ардагері, бүгінгі сексен жастың шыңына шыққан шебер сауыншы-зейнеткер Қаншайым Мақсатқызы Шакубаева.

Соғыс және еңбек ардагері әкесі М.Шантеміров 1941 жылы жазында Қызыл Армия қатарына алынып, автомобиль курсын бітірісімен, әскери автокөлік маманы ретінде Ұлы Отан соғысының тар жол, тайғақ кешу қантөгіс ұрыс жолымен жүріп өтіп, Берлин көшелерінің бірінде Ұлы Жеңіс күнін ерекше қуанышпен қарсы алды. Жылы жүзді, кішіпейіл анасы Дәмелі үй-ішінің берекесін кіргізген мейірімді әрі қамқоршы жан болды. Соғыстан кейінгі балалық шағы жоқшылықпен, еңбекпен, бірақ болашаққа үлкен үмітпен өтті.

Соғыстан жеңіспенен оралған әкесі отбасы қиындығына байланысты бұрынғы туып, өскен «Отрадное» поселкесінен туған-туыстары тұратын «Ортақшыл» ауылына қоныс аударды. Анасынан айырылған өрімдей қызын еңбекке ерте баулыды. Қысы-жазы қолдағы малды, құстарды қарау, шөп, отын дайындау, үй-іші тазалығын үзбей өткерді. Әкесі үйленіп, жігерлі қыз орталығы «Партизанка» селосы саналатын «Амангелді» кеңшарының қолжетімді жұмысына араласа бастады. Бірақ бұл аздық етті.

Өткен ғасырдың 60-70 жылдары елімізде ет, сүт өнімдеріне сұраныс көбейе түсті. Бұрынғы шаруашылық негізінде қара мал санын арттыру үшін, ауданымызда орталығы «Партизанка» селосы болған алғашқы РСХО ашылып, оның бөлімшесі Ортақшыл ауылында ірі қара мал бордақылау комплексі, сиыр сауатын және мал төлдерін өсіретін мал фермалары мен әлеуметтік

мәнді құрылыс объектілері салынып, іске қосылды. Малшылар мен әсіресе сауыншы мамандарының тапшылығы байқалатын. Қытымыр қыстың аязында, жаздың ыстығында мал бағу, оның күтімі оңай іс еместігі мәлім. Оның басты себебі малшы сауыншылардың әлеуметтік жағдайының төмендігі, мамандыққа деген теріс көзқарастың қалыптасуы болды.

Шаруашылық басшылығы оның малшы еңбегіне икемділігін ескеріп, бөлімшенің сауыншысы жұмысына тағайындады. Сол кезеңнен бастап сауыншы мамандығы оның маңдайына жазылған тағдырына айналды. Алғашқы күндер қиын болды. Бірақ, қауырт еңбек ынтысын шыңдай түсті. Таңдаған мамандығының сиқырлы сырларын толық меңгеру үшін барлық күш-жігерін жұмсады. Жастайынан бірге өскен қоғамдық малшаруашылығының маман, тәжірибелі сауыншылары Ш.Жұматаева, Ш.Утекова, Р.Жаманбаева, С. Құсаинова, Ұ.Алпысбаева еңбекте қайырымды көмекшілері болса, өмірде жүрегі жылы, мейірімді мол аналар атанды.

Сүт өнімін молайту-шеберлікті, төзімділікті,



мал күтімін үздіксіз жүргізуді талап етеді. Жем-шөп қорын мал қорасына тасымалдау, жататын орнын тазалау, қол күшімен орындалып, мал төлдету науқанын сәтіммен өткізу, жаңа туған бұзауды уақытша сүтпен қоректендіру және оған ветеринарлық көмек көрсету, сауылған сүттің сапасын бақылап, оны таза ыдыстармен сүт өңдейтін орынға уақытында жеткізу сияқты еңбек процесі таң қараңғысынан кешке дейін толастамайды. Сауынды сиыр саны көбейіп, сүт өндіру көлемі ұлғаю түсті. Осындай жетістіктердің артында ондаған малшы қауымның қажырлы еңбегі тұрды.

Мал шаруашылығы саласындағы еселі еңбегі ескеріліп, маман сауыншы Қ.Шакубаева Амангелді ауыл советінің депутаты болып сайланып, қоғамдық іс-шараларға араласқаны үшін материалдық және моральдық сыйлықтармен марапатталды.

Осындай қауырт күндердің бірінде қысқы мал қыстату науқанын өткізуге механизатор әріптестерімен бірге қатысқан Жолкен Шакубаев есімді жігітпен жолығып, еңбектегі өмірі біте

қайнасып, кейін махаббатқа айналды. Өмірде өзіңді сыйлап, қадір-қасиетіңді бағалайтын жар таңдау-үлкен бақыт. Махаббаты жарасып 1964 ж. отау құрды. Сүйікті ерінің ерекше қасиеті-ішімізді ішпей, шылым шекпей, жалған сөйлемей, адалдықтың ақ жібін аттамай, жүрегіңде иманын сақтап өткендігі болды. Сол шуақты мінезінен болар, жаны жайсаң азаматымен елу жылға жуық бақытты отбасын құрып, өмірге бес өнегелі ұрпақ әкелді. Үлкен қызы-Қарлыға қоғамдық тамақ дайындау саласының қызметкері, Айсұлу-жоғары білімді ұлағатты ұстаз, ұлдары-Садық тәжірибелі жеке кәсіпкер, Ғалы-Партизанка-1 ауыл шаруашылығының қоғамдық автокөлік басшысы, кенже ұлы Ғарифолла малшаруашылығымен айналысатын жеке кәсіпкер. Ары таза, жайсаң жандардың елге сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмайды.

Қаншайым жеңгей барын қанағат қылып, көрген-білгені көп, тоқығаны мол, көп сөйлеп, артық сөзден аулақ жүретін ардақты аналар қатарында өмір сүріп келеді. Өсіп, өнген үйінің ошақ отын сөндірмей, түтінін түтетіп, сүйікті жарымен бірге өткізген тәтті сезімге толы сәттерді еске алып, сағыныш сезіміне беріледі. Алтын құрсағынан өрбіген балаларынан көрген он бір немере мен он жеті шөберенің өмірін қызықтап жүрген бүгінгі өмірі отбасы бақытын аша түскендей ойға жетелейді.

Отбасының темірқазығы, аяулы ана, асыл жар, ауыл шаруашылығы саласының еңбек ардагері Қаншайым Шакубаеваны мерейлі 80 жасымен және 1 Мамыр мерекесімен шын жүректен құттықтап, қадірменді жеңгейімізге жақсы денсаулық, сансыз көп қуанышты күндер және ұзақ жыл бақытты ғұмыр тілеймін.

Сізді қадірлеп, құрметтеуші
Күләй қайын сіңіліңіз.

ІС-ШАРАЛАР ЛЕГІ – СОБЫТИЙНАЯ ЛЕНТА

Бұланды ауданы Ұлы Отан соғысы жылдарында

Ұлы Отан соғысы жылдарының алғашқы күнінен бастап біздің ауданымыздан Отанымызды қорғауға аттанған 8207 азаматтың туған жеріне 4281 оралмады. Ақмола облысынан құралған әскери жасақтар: 29, 310, 387 атқыштар дивизиясы Сталинград, Ленинград, Москва түбіндегі ұрыстарда ерен ерлік көрсетті. Жерлеріміз: Иван Федорович Омигов, Иван Куприянович Скуридин, Никита Федорович Карацупа, Михаил Васильевич Яглинский, Николай Дмитриевич Сергиенко Кеңес Одағының батыры атағына ие болды. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылып, алайда оны ала алмаған қазақстандықтардың саны 338 екені анықталып, олардың 30-ы Ақмолалық жерлеріміз екенін жазған болатынбыз. Бұл тізімдегі: капитан-Шарилов Саябек, кіші лейтенант- Кускенов Кабдолла, аға сержант- Калиев Кабдөш Макин (Бұланды) ауданының әскери комиссариатынан майданға шақырылған. Үшеуі де майдан даласында көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының ең жоғарғы атағымен марапатталуына ұсынылғанмен, ол атақ оларға бұйырмады.

Батыр жерлеріміздің ерліктері жайлы аудандық газет бетіне мақалалар жарияланған болатын. Бүгінге дейін Кускенов Кабдолланың соғыстан кейінгі тағдыры жайлы, туған- туыстары туралы дерек әзірге табылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы жылдары облыс аумағына он кәсіпорын жеті госпиталь эвакуацияланды. Олар Ақмола Атбасар, Макинск қалаларына орналастырылды. Көршілес Бурабай ауданында жаралы Қызыл Армия жауынгерлерін емдейтін 400 орындық № 4152 госпиталь және тұтқынға түскен жау солдаттарын емдейтін арнайы (240 орындық) №4110 госпиталь болғанын екінің бірі біле бермейді.

1942 жылдың шілде айында Макинск станциясына эвакуацияланып сол жылдың қыркүйек айында майданға алғашқы өнімін берген Мичуринск қаласының механикалық зауыты, 1964 жылы Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған Купчановка селосындағы демалыс үйі аудан шежіресін сол сұрапыл соғыспен байланыстыратын нысандар.

Майданға тек адам ресурстары емес, мініс көлік, техника да мобилизацияланды. Архив қорындағы құжаттарда ауданымызда 1941 жылдың қаңтар айында 213 автокөлік

болса, 1943 жылы аудан кәсіпорындары мен еңбекшілерінің мекемелерінде небары төрт жүк, екі жеңіл автокөлік болғаны жайлы дерек бар.

«Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен кең байтақ еліміздің тылындағы ауыл- ай мақтарда қалған жұмысшылар мен шаруалар, буыны бекимеген балалар мен еңкейген кәрілер Жеңіс үшін еңбек майданына түсті. Сонымен қатар тылда қалғандар жауынгерлерге азық- түлік, жылы киімдер жинап майданға жөнелтіп отырды. Соғыстың алғашқы айларында –ақ майдан үшін 100 мың пұт астық, 2258 центнер сүт, 17 вагон жылы киімдер мен азық- түлік жөнелтілді. 1941 жылғы 13 қыркүйегінде басылымға шыққан аудандық «Ленинский путь» газетінде Қорғаныс қорына аудан тұрғындары бір күнде ақшалай 13,5 мың рубль, облигациямен 200 мың рубль қаражат аударғаны туралы дерек бар. Сондай ақ, майданға кеткен ер азаматтардың орынына темір тұлпар трактордың тізгінін ұстаған нәзік жандылар жайлы мақалалар да кездеседі. Аудандық газеттің 1942 жылғы 22 қаңтардағы №8 басылымында «Девушки готовятся сесть на трактор» атты мақалада: «Молодые девушки курсантки тракторных курсов при Макинской МТС своей настойчивостью, упорным трудом добились отличных показателей в учебе. Зувайра Кизиева, малограмотная, слабо владеет русским языком, но она старательно изучает трактор. Мало того, что она хорошо усвоила материал, но она и помогает отстающим в учебе. Хорошо осваивают технику трактора Вера Горпиенко, Карима Тарипова и другие.»,- деп жазылған.

«Соғыс- қаза болған соңғы жауынгер жерленбейінше бітпейді», деген сөз бар. Ұлы Отан соғысының жаңғырығы өлі де басылар емес. Күні бүгінге дейін майданға аттанып хабарсыз кекен жауынгерлердің мүрдесі табылып, еліне туған- туыстарына

тапсырылуда. Былтыр әлеуметтік желіде «Внимание родственников! В Кировском районе Ленинградской области, в урочище Гайталово, поисковым отрядом были обнаружены останки бойца РККА. При нем найден «смертный медальон», по которому установлено имя: Кучерявый Семен Данилович, 1907 г.р. уроженец Казахской ССР, Акмолинской области, Сталинского района, Боярский с/с, д.Боярка. Мать Кучерявая Мария Герасимовна. По архивным данным, Семен Данилович призван в ряды РККА 14.07.1941г., числится пропавшим без вести с октября 1941 г.» деген ақпарат тарады.

«Ақмола облысы Сталин ауданы Боярка ауыл кеңесі еңбекші депутаттары» қорында сақталған 1940-1942 жылдарғы Боярка селосының шаруашылық кітабында Кучерявый Семен Даниловичтің отбасы жайлы деректер анықталып (Кучерявая Мария 1876 г.р.), «үйінде жоқтар туралы белгі» тармағында, в графе «Отметка об отсутствующих» 14/VII в РККА. -41 деген мәлімет бар. Аталмыш құжатта Семен Даниловичтің отбасы 1942 жылы Боярка селосынан қоныс аударғаны туралы ақпарат берілген. Өкінішке орай жауынгердің туған- туыстарын іздестіруіміз нәтиже бермеді...

Ұлы Жеңіске атсалысқандардың қатары жыл сайын селдіреп барады. Бүгінде ауданымызда 22 жыл еңбектері өмір сүруде, ал соғыс ардагерлері жоқ.

Біздер, бейбітшілік пен бақыт сыйлаған аға буынның ерлігін мәңгі есте сақтап, бабалар рухына тағзым етеміз.

Б. ҚОЖАҚАНОВ аудандық архив директоры.
Фото ЖИ арқылы жасалды.



тапсырылуда. Былтыр әлеуметтік желіде «Внимание родственников! В Кировском районе Ленинградской области, в урочище Гайталово, поисковым отрядом были обнаружены останки бойца РККА. При нем найден «смертный медальон», по которому установлено имя: Кучерявый Семен Данилович, 1907 г.р. уроженец Казахской ССР, Акмолинской области, Сталинского района, Боярский с/с, д.Боярка. Мать Кучерявая Мария Герасимовна. По архивным данным, Семен Данилович призван в ряды РККА 14.07.1941г., числится пропавшим без вести с октября 1941 г.» деген ақпарат тарады.

«Ақмола облысы Сталин ауданы Боярка ауыл кеңесі еңбекші депутаттары» қорында сақталған 1940-1942 жылдарғы Боярка селосының шаруашылық кітабында Кучерявый Семен Даниловичтің отбасы жайлы деректер анықталып (Кучерявая Мария 1876 г.р.), «үйінде жоқтар туралы белгі» тармағында, в графе «Отметка об отсутствующих» 14/VII в РККА. -41 деген мәлімет бар. Аталмыш құжатта Семен Даниловичтің отбасы 1942 жылы Боярка селосынан қоныс аударғаны туралы ақпарат берілген. Өкінішке орай жауынгердің туған- туыстарын іздестіруіміз нәтиже бермеді...

Ұлы Жеңіске атсалысқандардың қатары жыл сайын селдіреп барады. Бүгінде ауданымызда 22 жыл еңбектері өмір сүруде, ал соғыс ардагерлері жоқ.

Біздер, бейбітшілік пен бақыт сыйлаған аға буынның ерлігін мәңгі есте сақтап, бабалар рухына тағзым етеміз.

Б. ҚОЖАҚАНОВ аудандық архив директоры.
Фото ЖИ арқылы жасалды.

Уважаемые земляки!

Примите искренние поздравления с Днём единства народа Казахстана и Днём защитника Отечества!

Праздник единства является символом мира, согласия и взаимного уважения. Главная ценность нашей страны – это сплочённость многонационального народа. Благодаря согласию и взаимопониманию мы уверенно движемся вперёд, достигая новых высот.

В нашем районе в дружбе и согласии живут представители разных этносов, внося значительный вклад в развитие родного края.

Особые слова благодарности и уважения выражаем в честь Дня защитника Отечества. Этот праздник олицетворяет мужество, отвагу и верность долгу тех, кто стоит на страже мира и безопасности нашей Родины. Служба Отечеству – это высокая честь и большая ответственность, а защитники страны являются надёжной опорой спокойствия и стабильности общества.

В этот светлый день желаю вам крепкого здоровья, благополучия, мира и достатка в каждом доме! Пусть в нашей стране всегда царят стабильность, согласие и единство, а мирное небо будет над головой каждого гражданина!

С уважением, депутат Акмолинского областного маслихата К. МЕНДЫБАЕВА.

Заң мен тәртіп бар жерде тұрақтылық орнайды

Мәдениет үйінде «Заң мен тәртіп – қауіпсіз қоғамның негізі» атты форум өтті. Бұланды ауданының прокуратурасы ұйымдастырған шараға мектеп оқушылары қатысты. Жастар арасында заң бұзушылықтың алдын алып, түрлі келеңсіздіктерге жол бермей, жас ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында өткен форумның жастарға берер пайдасы мол болды. Бұланды ауданының прокуроры Есімбек Айтжанұлы Қажығалиев құттықтау сөз сөйлеп, форумның маңыздылығын тілге тиек етті. Сондай-ақ Есімбек Айтжанұлы «Жас Ұрпақ» жастар қозғалысының қызметіне белсене қатысқан жастарды Алғыс хат-



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

тармен марапаттады. Олар: Макинск қаласының Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінің оқушылары Камила Мухаметғалиева мен Махаматдин Кәусар, Макинск қаласының мектеп – лицейінің оқушылары Сағындық Нұрсәуле мен Бегзада Санжар, Макинск қаласының №1 жалпы білім беретін мектебінің оқушылары Вахтель Роман және Тұрдалы Алинұр, Макинск қаласының №2 жалпы білім беретін мектебінің оқушылары Арқалыққызы Ай-дана және Рейфежерст Анастасия. Макинск қаласының мектеп гимназиясының оқушылары Сулейменов Әлібек және Кушенова Нұрай.

Аудан прокуроры Есімбек Айтжанұлы белсенді жастарға өз алғысын білдіріп, «Жас Ұрпақ» жастар қозғалысының қатарына жаңа қосылған жастарға қабылдау рәсімін өткізді. Форум барысында жастарға тәрбиелік мән зор бейнероликтер көрсетілді. Бұланды аудандық полиция бөлімі басшысының орынбасары Талғат Серікұлы Шарипов баяндама жасап, жастарды заңға қайшы әрекеттерден аулақ болуға шақырды. Форум қонақтары Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі, эстрада жұлдызы Дәурен Сейітжан және Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі ҚР ҰҚК Шекара қызметі ансамблінің әншісі, «Әскери әнші» лақап атымен танылған Нұрлыбек Жүлекенов жастарға жігер берер рухты әндер шырқады.

Форумда айталғандай заң мен тәртіпті сақтау — елдің дамуына, халықтың әл-ауқатына және болашақ ұрпақтың жарқын өмір сүруіне кепіл болады. Қоғамда әділдік үстемдік құрған кезде ғана адамдардың бір-біріне деген сенімі артады. Сенім орнаған жерде ынтымақ, татулық және бейбіт өмір болады. Заң мен тәртіп — тек мемлекеттік құрылымның емес, рухани өмірдің де өзегі. Өйткені тәртіп бар жерде ұят, намыс, адамгершілік, жауапкершілік сынды қасиеттер қатар қалыптасады.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.

Бұланды ауданында жастардың діни сауаттылық мәселелері талқыланды

Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығында жастардың рухани дамуын қолдау, ұлттық және діни құндылықтарды нығайту, сондай-ақ қазіргі қоғамда өзекті болып отырған діни экстремизм мен деструктивті ағымдардың алдын алу мақсатында мазмұнды дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Аталған шараға аудан жастары қатысты. Кездесудің негізгі спикері ретінде тәжірибелі теолог шақырылып, ол қатысушыларға қазіргі ақпараттық кеңістікте кездесетін әртүрлі діни ағымдардың ерекшеліктері, олардың ықтимал қауіптері және олардан сақтану жолдары туралы жан-жақты түсіндірме берді. Сонымен қатар, жастардың санасында деструктивті идеологияларға қарсы рухани және құқықтық тұрғыдан «иммунитет» қалыптастырудың маңыздылығына ерекше тоқталды.

Сұхбат барысында дәстүрлі діни құндылықтарды дәріптеу, ұлттық мәдениет пен рухани мұраны сақтау, адамгершілік пен этикалық қағидаларды ұстану сияқты мәселелер кеңінен қозғалды. Теолог өз сөзінде конфессияаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі жастардың жауапкершілігі жоғары екенін атап



өтіп, олардың қоғамдағы бейбітшілік пен өзара сыйластықты нығайтуға қосатын үлесінің зор екенін айтты.

Шара барысында қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын еркін қойып, интернет желісінде таралатын діни ақпараттың шынайылығы мен оны дұрыс сараптау жолдары жөнінде нақты жауаптар алды.

Кездесу барысында жастар рухани тәрбие, отбасылық құндылықтар, ұлттық бірегейлікті сақтау және қоғамдағы тұрақтылықты нығайту бағытында пайдалы кеңестер алды. Мұндай мазмұнды басқосулар өскелең ұрпақтың діни сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ қоғамда белсенді, жауапты азамат ретінде дамуына ықпал ететіні атап өтілді.

Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығы.

КИЕЛІ КІТАП. ӨШПЕС ТАРИХ. ҚҰНДЫ ШЕЖІРЕ

ОҚИТЫН ҰЛТ – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ

Аудандық модельдік кітапханада Ұлттық кітап күні мен Кітапханашылар күніне орай «Оқитын ұлт – қуатты мемлекет» атты мерекелік іс-шара өтіп, руханиятқа толы кешке аудан басшылығы, мәдениет саласының өкілдері, кітапханашылар мен жалпы кітапсүйер қауым қатысты.

Шараның барысында жүргізушілер кітап пен кітапханашының қоғамдағы ерекше рөліне тоқталып, бұл күннің мән-маңызын айқындап өтті. Айта кетейік, Мемлекет басшысының бастамасымен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында 23 сәуір – Ұлттық кітап күні болып белгіленіп, сонымен қатар Кітапханашылар күнімен қатар атап өтілетін айтулы датаға айналды. Бұл – кітаптың рухани құндылық ретіндегі маңызын және кітапханашылардың еңбегін дәріптейтін ерекше мереке.

Рухани кеш үстінде кітаптың адамзат өркениетіндегі орны, оның тәрбиелік және танымдық маңызы кеңінен насихатталды. Кітап – рухани байлықтың қайнар көзі, білім мен парасаттың алтын кілті екені атап өтілді.

Аудан әкімі Ардақ Дулатұлы жерлестер алдында құттықтау сөз сөйлеп, кітапхана қызметкерлерінің еңбегіне жоғары баға берді. Ол өз сөзінде кітапхана – руханияттың ордасы, ал кітапханашылар – сол қазынаны сақтап, халыққа жеткізуші маңызды тұлғалар екенін атап өтті.

Салтанатты жиын аясында бірқатар кітапхана қызметкерлері мен кітапхананың жылдар бойы серіктес болып келген мекеме

дәріптейтін көркем қойылым мен қазақстандық жазушылардың шығармалары бойынша әдеби кейіпкерлер шеруі ұйымдастырылып, көрерменнің зор ықыласына бөленді.

Шара соңында кітап пен кітапханашының ажырамас байланысы, олардың қоғамдағы рухани дамуға қосар үлесі ерекше атап өтілді. Ұйымдастырушылар мұндай мерекелердің оқырман мәдениетін қалыптастыруда, жастарды кітап оқуға баулуда маңызы зор екенін жеткізді.



Мерекелік кеш жылы атмосферада өтіп, қатысушыларға ерекше әсер қалдырды. «Оқитын ұлт – қуатты мемлекет» қағидасы тағы бір мәрте дәлелденіп, кітапқа деген сүйіспеншілік пен құрмет арта түсті.

ЧИТАЮЩАЯ НАЦИЯ – СИЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВО

В районной модельной библиотеке состоялось торжественное

Ұлттық Кітап күні аясында Модельдік орталық кітапханасының ұйымдастыруымен бірқатар мазмұнды іс-шаралар өз мәресіне жетті.

Олардың қатарында: *kitappen креативті селфи жасау бойынша «Weekend. Book. Vibes», «Book-selfie» челленджі, кино-тайм, кітапхана ішінде экскурсия, әдеби ойындарды қамтыған «Кітапханадағы түн» қызықты шарасы, блиц-сұрақтарға жауап беру, ән-шашу бағдарламасы ұсынылған «Оқитын ұлт - қуатты мемлекет» кітап мерекесі, «Кітап - достықтың амбасадоры» атты логика мен әдебиетті тоғыстырған кітап әлеміне саяхат, жаңа кітаптарға обзор жасауға, кітап көрмесін паш етуге және визитка таратуға мүмкіндік берген «Артық білім - кітапта» атты ашық есік күні, ескі баспалар мен жаңа баспаларды таныстыруға көзделген «Уақыттан озып жеткен жәдігер» атты live-экспозиция және тағы да басқа әртүрлі форматтағы қызықты іс-шаралар.*

мечается вместе с Днём библиотекаря, придавая празднику особый символизм.

В ходе мероприятия была подчеркнута важность книги как источника знаний, духовного развития и культурного наследия. Отмечалось, что именно через книгу формируется мировоззрение человека и передаются ценности от поколения к поколению.

Поздравил участников праздничной встречи с такой знаменательной датой аким района Ардак Дулатович Смаилов, выразив благодарность работникам библиотечной сферы за их преданность делу и вклад в развитие культуры чтения. Он отметил, что библиотека является центром духовности, а библиотекарь - важным проводником в мир знаний.

В рамках торжественной части состоялась церемония награждения. Ряд сотрудников библиотек и партнёров были отмечены Благодарственными письмами и Почётными грамотами от областного руководства, управления культуры и отраслевых организаций. Были также награждены представители образовательных учреждений, служб ЧС и молодёжных организаций за плодотворное сотрудничество.

Праздничная программа была дополнена яркими творческими номерами: выступлением танцевального коллектива «Шапағат», театрализованной постановкой, посвящённой образу казахской женщины, а также парадом литературных героев по произведениям казахстанских авторов.



басшылары марапатталды. Облыс әкімі мен мәдениет басқармасы, сондай-ақ салалық ұйымдар тарапынан Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталары табысталып, үздік мамандардың еңбегі еленді. Сонымен қатар, ауданның білім беру, төтенше жағдайлар, жастар саясаты салаларының өкілдері де кітапханамен тығыз әріптестігі үшін марапатқа ие болды.

Кешке ерекше мазмұн берген мәдени бағдарлама ұсынылып, «Шапағат» орталығының бишілері өнер көрсетіп, көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар, қазақ әйелінің бейнесін



мероприятие «Оқитын ұлт – қуатты мемлекет», приуроченное к Национальному дню книги и Дню библиотекаря. В празднике приняли участие глава района Ардак Смаилов, работники культуры, библиотекари, организации – партнеры районной библиотечной системы и читатели, любящие и уважающие чтение и книгу.

Ведущие мероприятия отметили особую значимость этой даты, подчеркнув роль книги и библиотекаря в современном обществе. Напомним, по инициативе Главы государства 23 апреля официально утверждено как Национальный день книги, который теперь от-



В завершение мероприятия было отмечено, что книга и библиотекарь остаются важнейшими элементами духовного развития общества. Подобные мероприятия способствуют популяризации чтения и формированию культурных ценностей у подрастающего поколения.

Праздник прошёл в тёплой и вдохновляющей атмосфере, оставив у гостей яркие впечатления и ещё раз подтвердив: читающая нация – это сильное и развивающееся государство.

А. АМАНЖОЛОВА.

Қайталап оқу терапиясы

Көңілдің кейбір кездерінде қайталап оқығың келетін кітаптар болады. Қарап тұрсақ, бұл да бір жақсы әдеттен туған «ауру» екен. Араға біраз уақыт салып, талай рет оқыған сол шығармаға аңсарың ауып тұратыны қызық. Бұл аңсар кейде мезгілмен келеді. Күздің қоңыр салқынында себепсіз Сайынды оқығың келетіні сияқты.

Қайталап оқудың ләззаты неде? Оқырман нені сағынады? Көркем шығармадан алған әсерің сағына ма, әлде сол сәттегі тыныштығын сағына ма? Жақсы кітап та уақыт өткен сайын жадында жаңғырып, ойға орала беретін аяулы естелік сынды. Сол кейіпкерлерді танымайтындай, сол оқиғалардан мүлдем бейхабар кейіпте қайта оқи бастайсың. Қайта тебіреніп, қайта толқисың. Кейде сол шығарманы оқыған сәттегі өз күйіңді аңсайсың. Сол күйді қайта кешу үшін тағы оқысың. Бәлкі, адамға айналсыннан бір сезімдер жетпеген соң, кітапқа

бас ұратын болар. Жан дүниесіндегі бос орынды көркем шығарма да ғы есермен толтыратын болар, кім білсін? Адамның жеті қатпар жанын тап басып танып, түсіну әсте мүмкін бе...

Иә, кітап та көңіл күй талғайды. Кейде көңілің құлазығанда жаныңды жылытатын үнсіз мекен іздейсің. Шулаған көшелерден, тірі адамдардан жырақ жалғыз қалғың келеді. Осындайда сүйікті авторыңды қайталап оқудан асқан терапия жоқ. Мәселен, ауылдың аңғал адамдарын сағынып, риясыз күлуге Тынымбайды (Нұрмағанбетов), сыр мен сезім кешу-



ге Шыңғысты (Айтматов) қайталайсың. Өмірдің өзін суреттейтін Бейімбет (Майлин), Сәбит (Мұқанов), Бердібек (Соқпақбаев), Шерханның (Мұртаза) да шығармалары ылғи сөреде қолсозым

жерде тұрады, алысқа кетпейді.

Бәлкі, бұл талғампаздықтан туған әдет болар. Қаншама жаңа дүниелер жазылып, жарияланып жатса да, асқан құштарлық жоқ. Бәлкі, бір рет оқылып, ұмытылды. Ал нағыз классика – мәңгілік. Әйгілі анықтама болса да, тәуір шығарманы неге қайталап оқи беретімізге тереңдей келе амалсыз осы ойға

күрделі романдарға қайта оралып отыру – қалыпты құбылыс. Мысалы, «Шегірен былғары», «Дориан Грейдің портреті», «Мартин Иден», «Триумфальная арка», «Анна Каренина», «Өлі жандар», басқа да шығармалардың астарында көркемдік хәм философиялық тұрғыдан мың-сан мағына жатыр. Оқыған сайын әр оқушы өзінің пенделік сезімдеріне, психологиялық болмысына үңіледі. Жан дүниесін бақылайды, тыныштық табады.

Осы тұста қайталап оқылатын жазушы – нағыз жазушы десек, әдеттегідей тыш жаттанды көрінер. Дегенмен оқырманның дәстүрлі әдетке айналдырып, бір шығармаға, бір авторға қайта орала беруінің сыры басқа неде?

Әр оқырманның сүйікті жазушысы сол адамның ғұмырымен бірге жасайтын сияқты. Сөйтіп, ғасырды ғасыр жалғап, дүние алмасып кете береді.

Ал сіз кімдерді қайталап оқисыз?

М. ӘБІШ, egemen.kz.

ИСКУССТВО ЧИТАТЬ – ИСКУССТВО МЫСЛИТЬ

«ТУҒАН ӨЛКЕМ – ТҮНҒАН ТАРИХ» ПОЭЗИЯЛЫҚ КЕШІ

Аудандық кітапханада Ұлттық кітап күніне орай «Туған өлкем – түнған тарих» атты мазмұнды поэзиялық кеш ұйымдастырылды. Рухани кешке зиялы қауым өкілдері, ұстаздар, жас өнер сүйерлер мен кітапхана оқырмандары қатысты.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының бастамасымен қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында 23 сәуір – Ұлттық кітап күні болып белгіленген болатын. Осыған орай еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі әдеби іс-шаралар өткізіліп келеді. Соның бірі – аудандық кітапханасында өткен тағылымды поэзиялық кеш.

Кештің шымылдығы әсерлі жүргізумен ашылып, жиналған қауым поэзия әлемінің тереңдігі мен көркемдігіне бойлады. Шара барысында өлеңнің құдіреті, ақынның қоғамдағы орны, сөз өнерінің тәрбиелік мәні кеңінен әңгімеленді. Әрбір айтылған жыр жолдары көрермен жүрегіне жетіп, рухани әсер сыйлады.

Кештің құрметті қонағы – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР



Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасының иегері, белгілі ақын Амантай Ысқақұлы Бейсекеев болды. Ақын жиналған көпшілікке жүрекжарды лебізін білдіріп, шығармашылық жолы мен поэзияның өмірдегі орны туралы тағылымды ойларымен бөлісті. Көрермендер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, жастарға ақыл-кеңесін айтты.

Сондай-ақ, шараға айтыс өнерінде өзіндік қолтаңбасы бар, республикалық додалардың жүлдегері, «Жас қанат» жас ақындар

үйірмесінің жетекшісі Елеш Хавылхан қатысып, поэзия мен айтыс өнерінің қыр-сыры туралы әңгімеледі. Ол жастарға бағыт-бағдар беріп, шығармашылықта табысқа жетудің басты кілті – еңбек пен шабыт екенін атап өтті.

Кеш барысында жас ақын, түрлі мүшәйралардың жеңімпазы Серік Тілек те өз шығармаларын оқып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Жас таланттың жырлары туған жерге деген сүйіспеншілікке, өмірге деген шынайы көзқарасқа

толы болды.

Іс-шараға қатысқан аудандық «АМАНАТ» партиясы филиалының төрайымы Раушан Түркенбайқызы да сөз сөйлеп, мұндай рухани кездесулердің маңыздылығына тоқталып, ұйымдастырушыларға алғыс білдірді. Сонымен қатар, ардагерлер кеңесінің төрайымы Биғайша Исламбековна да жылы лебізін жеткізді.

Кеш көркем музыкалық нөмірлермен әрленіп, әдеби атмосфераны одан әрі байыта түсті. Шара соңында жерлес ақын Жайнарбек Зандыбайұлының туған өлкені жырлаған «Құтты мекен Бұландым» туындысы ұсынылып, көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

Поэзиялық кеш – рух пен шабыттың, сөз бен сезімнің үндескен алаңы болды. Мұндай тағылымды шаралар жас ұрпақтың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге зор ықпал ететіні сөзсіз.

Модельдік орталық аудандық кітапхана.

Кітапхана

Саған қарай жетелейді бір тылсым,
Рухани азық шығар, кім білсін?!
Саған келсем сансыз ойлар жетелеп,
Көңілімнен сейледі кірбің шын.

Саған келсем, тынышталам, жай табам,
Талай мәрте бастан кешкем, байқағам.
...Табиғатқа ғашық бола бастаймын,
Оралханды оқып шығып қайтадан.

Саған келем кеудем мұңға толғанда,
Жандуимем жалғызсырап қалғанда.
Кітапхана саған қалай келмеймін,
Мұқағали, Есенғали тұрғанда.

Ойды жинап шашыраған, шалғайдан,
Қандай ғажап бір кітапқа ден қойған.
Бір құшақтап иіскеп кетсем жетеді,
Ескі кітап, парақтарын сарғайған.

Ұрпақ үшін мұра болған әр ісі,
Әр бір кітап маңдай тердің жеңісі.
Кітапхана сенде тұр ғой тізіліп,
Сан ғасырлық ақыл-ойдың жемісі.

Жайнарбек ЗАНДЫБАЙ.

Қызықты әрі пайдалы саяхат

Модельдік балалар кітапханасында Ұлттық кітап күніне орай «Кітаптар әлеміне саяхат» атты жарқын әрі танымдық экскурсия өтті.

Іс-шараға мектеп-гимназияның 3-сынып оқушылары қатысты. Бұл күн балалар үшін ерекше әсерлі әрі танымдық сәттерге толы болды. Экскурсия барысында оқушылар кітапхананың әртүрлі



бөлімдерімен танысып, кітап қорының қалай жүйеленетінін, кітаптардың түрлері мен олардың ерекшеліктері туралы кең мағлұмат алды. Сонымен қатар, кітапты дұрыс пайдалану, оны ұқыпты сақтау мәдениеті жайлы да пайдалы ақпараттар берілді.

Әсіресе түрлі-түсті, безендірілген басылымдар мен қызықты тақырыптық көрмелер оқушылардың ерекше қызығушылығын оятты. Балалар кітаптарға зер сала қарап, өздеріне ұнаған туындыларды талқылап, жаңа мәліметтерге қанықты.

Экскурсия барысында оқушылар белсенділік танытып, сұрақтарға жауап беріп қана қоймай, өздерінің сүйікті кітаптары мен кейіпкерлері туралы да қызыға әңгімелесті. Бұл олардың кітап оқуға деген қызығушылығы жоғары екенін көрсетті.

Іс-шараға ерекше көркемдік рең сыйлаған «Фантазёрлар» театр студиясының жас әртістері болды. Олар «Тірі табиғат заңдары бойынша» және «Зиянды кеңестер» атты қойылымдарын шеберлікпен орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Балалардың сахналық өнері, эмоциясы мен шығармашылығы іс-шараның мазмұнын одан әрі байыта түсті.

Шара соңында балаларға кітаптың адам өміріндегі маңызы, оның білім мен рухани байлық көзі екені ерекше атап өтілді. Мұндай кездесулер жас ұрпақтың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттырып, олардың ой-өрісін кеңейтуге зор ықпал етеді.

Іс-шара қызықты әрі мазмұнды өтіп, балаларға жарқын әсер қалдырды және олардың жүрегіне кітап әлеміне деген ерекше қызығушылық ұялатты.

Познавательное путешествие

В Модельной детской библиотеке прошло яркое, познавательное и по-настоящему увлекательное мероприятие - экскурсия «Путешествие в мир книг», приуроченная ко Дню национальной книги.

Участниками стали учащиеся 3-го класса школы-гимназии. Для многих ребят это стало настоящим открытием, ведь они смогли заглянуть в удивительный мир библиотеки, где каждая книга хранит свою историю и знания. В ходе экскурсии дети познакомились с различными отделами библиотеки, узнали, как формируется книжный фонд, какие бывают виды литературы и как правильно обращаться с книгами, чтобы сохранить их для будущих читателей.

Особый интерес у школьников вызвали яркие иллюстрированные издания, энциклопедии и тематические книжные выставки, посвященные природе, науке и детской художественной литературе. Ребята с увлечением рассматривали книги, задавали вопросы и делились своими впечатлениями.

Во время мероприятия царила живая и дружелюбная атмосфера. Дети активно участвовали в беседе, с интересом отвечали на вопросы библиотекарей, рассказывали о своих любимых произведениях и литературных героях. Это показало, что интерес к чтению у подрастающего поколения сохраняется и развивается.

Особую творческую нотку в мероприятие внесли юные артисты театральной студии «Фантазёры». Их выступления — постановки «По законам живой природы» и «Вредные советы» — подарили зрителям много положительных эмоций, улыбок и аплодисментов. Ребята продемонстрировали артистизм, выразительность и любовь к сценическому искусству.



Экскурсия не только расширила кругозор школьников, но и помогла им почувствовать атмосферу библиотеки как пространства знаний, творчества и вдохновения. Подобные мероприятия играют важную роль в приобщении детей к чтению, формировании их культурного и интеллектуального развития.

Мероприятие прошло на высоком уровне, оставило у ребят яркие впечатления и, без сомнения, вызвало желание вновь вернуться в библиотеку за новыми книгами и открытиями.

Г. НУРКИШЕВА, старший специалист
Модельной детской библиотеки.



Новобратское ауылында COWORKING орталығы ашылды

Новобратск ауылдық кітапханасында 23 сәуір күні, ұлттық кітап және кітапханашылар күніне орай, COWORKING орталығы ашылды. Коворкинг орталығының ашылуы – ауыл тұрғындары үшін үлкен қуаныш пен маңызды жаңалық болды. Бұл заманауи кеңістік – тек кітап оқитын орын ғана емес, білім алуға, шығармашылықпен айналысуға, жаңа идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орта.

Коворкинг орталығы – жастар мен ересектердің бас қосып, ой бөлісетін, бірге жұмыс жасап, дамитын алаңы. Мұнда әрбір келуші өзіне қажетті ақпаратты тауып, уақытын тиімді өткізе алады. Ұлттық кітап күнімен тұспа-тұс ашылуының өзі – кітаптың, білімнің және рухани дамудың маңызын айқын көрсетеді.

Бұл игі бастама ауыл мәдениетінің дамуына жаңа серпін беріп, кітап оқуға деген қызығушылықты арттырары сөзсіз.

Өзіміздің ақпарат.



ХАТТАР ҚОРЖЫНЫ – ОТДЕЛ ПИСЕМ

Книга – территория без границ

Книга не спрашивает паспорт. Ей не нужны визы и таможенные декларации. Она пересекает границы, континенты и века за одну ночь. Именно поэтому темой литературного часа в этом году мы выбрали слова: «Книга – территория без границ». Эта дата выбрана неслучайно. 23 апреля – Всемирный день книги и авторского права, учрежденный ЮНЕСКО. В этот день в 1616 году ушли из жизни Сервантес, Шекспир и Инка Гарсиласо де ла Вега. Символично, что три великие культуры – испанская, английская и латиноамериканская – сошлись в одной дате. А в Казахстане с 2023 года 23 апреля официально стало Национальным днём книги. Когда мы открываем книгу?*

Мы оказываемся в казахской степи вместе с Абаем, идём по улочкам Парижа с героями Гюго, слышим шум токийского метро в романах Мураками. Парагвайский школьник читает «Путь Абая», а ученик из Астаны, переживает за судьбу колумбийского городка Макондо. Границы исчезают. Остаётся только человек и история.

На литературном часе «Книга – территория без границ», который прошёл в Партизанской библиотеке, ребята устроили «книжное свидание»

Книга сегодня

Часто говорят, что молодёжь перестала читать. Это не



так. Молодёжь перестала читать только бумажные книги. Рассказы живут в телефонах, подкасты пересказывают романы, фанфики становятся новой классикой. Меняется форма, но территория книги по-прежнему безгранична. Её не закрыть, не запретить, не сжечь. Как писал Рэй Брэдбери: «Не нужно жечь книги, чтобы уничтожить культуру. Достаточно, чтобы люди перестали их читать». Наша задача – не перестать.

Национальный день книги – повод позвонить родителям и спросить, какая книга была их первой. Зайти в библиотеку и взять том наугад. Подарить ребёнку не игрушку, а историю. Потому что каждая прочитанная книга – это ещё один штамп в паспорте гражданина мира. Книга уже ждёт. Границы открыты.

Ш. АСКАРОВА, библиотекарь Партизанской сельской библиотеки.

Национальное достояние

В рамках празднования Национального Дня книги в Воробьевской сельской библиотеке проведено книжное ассорти под названием «Книга – национальное достояние!». Участники мероприятия получили много интересной и познавательной информации об истории возникновения праздничной даты, её значении и роли книги в жизни общества и каждого человека.

Рассказала ребятам о том, как книга на протяжении веков служит источником знаний, помогает сохранять культурное наследие и передавать опыт поколений. Особое внимание было уделено значению чтения в современном мире, где, несмотря на развитие технологий, книга остаётся важнейшим инструментом образования и духовного развития.

В ходе мероприятия гости познакомились с разнообразием литературных жанров, вспомнили любимых авторов и произведения, приняли участие в викторине и обсуждении прочитанных книг. Атмосфера встречи была тёплой и дружеской, участники делились своими читательскими предпочтениями и рекомендациями.

Книжное ассорти стало не только познавательным, но и вдохновляющим событием, пробуждающим интерес к чтению и любви к книге как к истинному национальному достоянию.

В. БУЛЛИХ, библиотекарь Воробьевской сельской библиотеки.



Познаю мир через книгу

Иванковская сельская библиотека в рамках декады, приуроченной Дню национальной книги, провела мероприятие «Познаю мир через книгу».

В ходе мероприятия ребята познакомились с удивительным миром книг, узнали, как книги «путешествуют» от библиотеки

к читателю, вспомнили правила бережного обращения с книгами и их значимость в жизни человека. Для детей были организованы увлекательные игры, викторины и задания, направленные на развитие интереса к чтению.

Мероприятие прошло в тёплой и друже-

ской атмосфере, способствовало формированию у учащихся любви к книгам, развитию читательской активности и расширению кругозора.

Н. КАВЕРИНА, библиотекарь Иванковской сельской библиотеки.

Праздник, который объединяет поколения

Каждый год в нашей стране отмечается особый праздник - Национальный день книги. Это не просто дата в календаре, а важное событие, напоминающее о ценности чтения, знания и культурного наследия. Книга во все времена была источником мудрости, вдохновения и духовного роста, и сегодня она продолжает играть значимую роль в жизни общества. С раннего детства книга сопровождает человека: сначала это яркие сказки, затем школьные учебники, а позже - произведения, которые формируют мировоззрение и помогают лучше понять себя и окружающий мир. В эпоху цифровых технологий значение книги не уменьшается, а приобретает новые формы. Электронные издания, аудиокниги и онлайн-библиотеки делают чтение доступным каждому, независимо от места проживания.

Национальный день книги - это прекрасный повод вспомнить о том, какую роль литература играет в развитии личности. Особенно важно прививать любовь к книгам детям, ведь именно в юном возрасте закладывается фундамент будущего образования и культуры. В рамках празднования Национального дня книги, в Токтамысской модельной сельской библиотеке прошли различные мероприятия: игровая программа «Трамвай сказок и загадок», творческий час «Мои любимые книжные герои», просмотр мультфильмов, созданных по книгам «Ожившие страницы», открытый просмотр литературы «Книга - хранилище всех знаний». Библиотека открыла свои двери для всех желающих, приглашая читателей окунуться в мир литературы. Особое внимание было уделено популяризации

чтения среди молодежи - ведь именно она является будущим хранителем культурных традиций. Все эти мероприятия были не только полезными, но и объединяющими, позволившим любителям книг и творчества провести время вместе, обменяться идеями и новыми впечатлениями.

День книги в нашей стране - это праздник для всех, кто любит читать, учиться и развиваться. Это день, когда стоит отложить дела и открыть книгу - новую или давно любимую. Ведь каждая прочитанная страница делает нас богаче духовно и ближе друг к другу. Берегите книги, читайте больше и открывайте для себя новые миры - ведь именно в этом и заключается настоящая магия чтения.

О. БОРТНИК, библиотекарь Токтамысской модельной сельской библиотеки.



Өңірдің табиғи кешенін ұзақ мерзімді сақтау мақсатында

Соңғы бес жылда өңірде орман қорын қалпына келтіру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді: 11 мың гектар аумақта 73,7 млн көшет отырғызылды. Экологиялық науқанның нәтижелері мен табиғи байлықты сақтау жоспарлары туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық табиғи ресурстар басқармасы басшысының орынбасары Батыржан Әбілпейсов баяндады.

Спикердің айтуынша, бесжылдық кезеңге жоспарланған барлық көрсеткіштер толық көлемде орындалған. Отырғызу кезінде негізгі басымдық жергілікті климатқа жақсы бейімделген қарағайға берілуде, сондай-ақ қайың, қарағаш және үйеңкі ағаштары да егіледі. Өңірді өз отырғызу материалымен қамтамасыз ету үшін облыста 11 орман тәлімбағы жұмыс істейді. Сонымен қатар, Зеренді ауданында ауданы б1 гектар болатын жаңа тұрақты тәлімбақтың құрылысы басталды, бұл жас ағаштарды өсіру көлемін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Орман өсіру жұмыстарымен қатар орман шаруашылықтарын техникалық жаңғырту да қарқынды жүргізілуде. Биыл материалдық-техникалық базаны нығайтуға қомақты қаражат бөлінді, 85 бірлік арнайы техника, оның ішінде өрт сөндіру көліктері мен тракторлар сатып алынды. Сондай-ақ бес мекемеде цифрлық мониторинг жүйесі енгізіліп, 21 бейнебақылау камерасымен

жабдықталған мұнара орнатылды. Олар облыстың орман қоры аумағының жартысын қамтиды.

«Жүйелі жұмыс облыстың ормандылығын арттырумен қатар, табиғи ресурстарды тиімді қорғауға мүмкіндік береді. Ақкөл және Зеренді аудандарында енгізілген цифрлық мониторинг жүйелері орман өрттері қаупіне жедел әрекет етуге көмектесуде. Алдағы екі жылда тағы 77 млн ағаш отырғызуды жоспарлап отырмыз», - деді Батыржан Әбілпейсов.

Орман қорымен қатар елді мекендер де назардан тыс қалмайды. Өңірлік көгалдандыру жоспарына сәйкес, соңғы бес жылда облыстың қала және ауылдарында 500 мың ағаш отырғызылды. Бұл шаралар жергілікті бюджет есебінен де, сондай-ақ бюджеттен тыс қаражаттарды тарту арқылы да қаржыландырылуда. Қабылданып жатқан барлық шаралар Ақмола облысының табиғи кешенін ұзақ мерзімді сақтауға бағытталған.



Более 70 млн деревьев высадили в лесном фонде области

За последние пять лет в регионе проведена масштабная работа по воспроизводству лесного фонда: на площади 11 тысяч гектаров высажено 73,7 млн саженцев. О результатах экологического кампания и планах по сохранению природного богатства на брифинге РСК рассказал заместитель руководителя областного управления природных ресурсов Батыржан Абилюев.

По словам спикера, все плановые показатели пятилетнего периода исполнены в полном объеме. При посадке основной упор делается на сосну, которая хорошо адаптирована к местным условиям, а также березу, вяз и клен. Для обеспечения региона собственным посадочным материалом в области действуют 11 лесных питомников. Кроме того, в Зерендинском районе начато строительство нового постоянного питомника площадью 61 гектар, что позволит значительно увеличить объемы выращивания молодых деревьев.

Параллельно с лесоразведением активно ведется техническое переоснащение лесных хозяйств. В этом году на укрепление материальной базы выделены значительные средства: закуплено 85 единиц спецтехники, включая пожарные машины и тракторы. Также в пяти учреждениях внедрена система цифрового мониторинга - установлена 21 вышка с камерами видеонаблюдения, которые охватывают половину площади лесного фонда региона.

«Системная работа позволяет не только увеличивать лесистость области, но и эффективно защищать наши ресурсы. Цифровые системы мониторинга в Аккольском и Зерендинском районах уже сейчас помогают оперативно реагировать на угрозы лесных пожаров. В ближайшие два года мы планируем высадить еще 77 млн деревьев», - отметил Батыржан Абилюев.

Помимо лесного фонда, внимание уделяется и населенным пунктам. Согласно региональному плану озеленения, за пять лет в городах и селах области высажено 500 тысяч деревьев. Финансирование этих мероприятий осуществляется как за счет местного бюджета, так и с привлечением внебюджетных средств. Весь комплекс принимаемых мер направлен на долгосрочное сохранение природного комплекса Акмолинской области.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ – ЗАКОН И ОБЩЕСТВО

Ответственность за вождение в состоянии опьянения

В соответствии с Правилами дорожного движения (п.2.12.1, а также п.2.12.2), утвержденными Приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан от 30 июня 2023 года № 534 (далее – ПДД), водителю запрещается управлять транспортным средством в состоянии опьянения (алкогольного, наркотического и (или) токсикоманического); под воздействием лекарственных препаратов, ухудшающих реакцию и внимание; в болезненном или утомленном состоянии, ставящем под угрозу безопасность дорожного движения.

Ответственность за нарушение указанных требований предусмотрена Кодексом Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

Так, гражданин «Щ» 20 апреля 2026 года в нарушение пункта 2.12.1, а также 2.12.2 Правил дорожного движения, являясь лицом, не имеющим права управления транспортными

средствами, в состоянии алкогольного опьянения управлял мотоблоком сочлененным с прицепом, по улице Интернациональная в городе Макинск Буландынского района Акмолинской области, в связи, с чем в отношении него сотрудниками отдела полиции Буландынского района был составлен административный материал по части 6 статьи 608 КоАП.

Мотоблок (мотокультиватор) является сельскохозяйственной техникой, оборудован двигателем внутреннего сгорания и отнесен к категории «тракторы одноосные» и предназначен для работы на земле.

Управление мотоблоком возможно на полевых, проселочных дорогах и личных земельных участках, при этом выезд на асфальтированные дороги общего пользования, в том числе, и в населенных пунктах запрещен.

При управлении мотоблоком с прицепом водителем обязан иметь удостоверение трактори-

ста-машиниста или права категории «А1».

Постановлением суда гражданин Щ. (не имеющий права управления транспортными средствами) за управление транспортным средством в состоянии алкогольного опьянения был привлечен к административной ответственности в виде 20 суток административного ареста.

Буландынским районным судом за истекший период 2026 года по статье 608 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» («Управление транспортным средством водителем, находящимся в состоянии алкогольного, наркотического и (или) токсикоманического опьянения») наложено административное взыскание на 30 правонарушителей, из которых 23 были в состоянии алкогольного, а 7 – наркотического опьянения.

О. СУЛЕЙМЕНОВ, руководитель администратора Буландынского районного суда.

Өрт қауіпті кезең: тыйымдар, құқық бұзушылықтар және өрт қауіпсіздігі шаралары

Көктем-жаз мезгілінде ауа температурасының жоғарылауы, құрғақ шөптің көп болуы және желдің күшеюі салдарынан өрт қауіпті кезеңі басталады. Бұл уақытта табиғи және тұрмыстық өрттердің шығу қаупі бірнеше есе артады.

Өрт қауіпті кезеңдегі негізгі тыйымдар

Өрттің алдын алу мақсатында төмендегідей әрекеттерге қатаң тыйым салынады:

- * Орман алқаптарында және ашық аумақта от жағу;
- * Құрғақ шөп пен қоқысты өртеу;
- * Орман, дала аймақтарында темекі тұқылын тастау;
- * Отпен абайсыз пайдалану (мангал, оттық, алау);
- * Қатты жел кезінде кез келген ашық от көзін қолдану.

Құқықбұзушылықтар және жауапкершілік

Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады. Атап айтқанда:

- * Қоқыс немесе құрғақ шөпті заңсыз өртеу;
- * Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау;
- * Табиғи аумақта өрттің шығуына себеп болу.

Мұндай әрекеттер үшін азаматтарға айыппұл салынып, ал ауыр жағдайларда материалдық шығынды өтеу міндеттелуі мүмкін.

Өрт қауіпсіздігі шаралары

Өрттің алдын алу үшін келесі шараларды сақтау қажет:

- * Құрғақ шөпті уақытылы ору және тазалау;
- * Қоқысты арнайы белгіленген орындарға шығару;
- * Өрт сөндіру құралдарын (су, құм, өрт сөндіргіш) дайын ұстау;

* Балаларға отпен ойнауға тыйым салу;

* Төтенше жағдай қызметінің нөмірін есте сақтау (101 немесе 112).

Өрт қауіпті кезеңде әрбір азаматтың жауапкершілігі өте маңызды. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы үлкен апаттың алдын алуға болады. Табиғатты қорғау – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Буланды ауданының ТЖБ.

Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі ережелері

Тұрғын үйлердегі өрт — ең жиі кездесетін төтенше жағдайлардың бірі. Өрттің көп жағдайда туындау себебі — адам факторына байланысты: отты абайсыз пайдалану, электр құрылғыларын дұрыс қолданбау және пешті пайдалану талаптарын бұзу. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау — адам өмірі мен мүлкін қорғаудың негізгі кепілі.

Тұрмыстық өрттердің негізгі себептері

Өрттің жиі кездесетін себептері:

- * электр сымдарының ақаулығы және электр желісінің шамадан тыс жүктелуі;
- * зақымдалған немесе қолдан жасалған электр құрылғыларын пайдалану;
- * отты абайсыз қолдану (шам, сіріңке, темекі шегу);
- * пеш және жылыту құрылғыларын пайдалану ережелерін бұзу;

* қосулы тұрған құрылғыларды қараусыз қалдыру.

Электр жабдықтарын қауіпсіз пайдалану

Электр құрылғыларын қолданғанда:

- * розеткаларды шамадан тыс жүктемеңіз;
- * тек жарамды, зауытта жасалған құрылғыларды пайдаланыңыз;
- * үтік, жылытқыш, электр пештерін қараусыз қалдырмаңыз;
- * электр сымдарының жағдайын үнемі тексеріп отырыңыз;
- * электр құрылғыларына су тигізбеңіз.
- Отты қауіпсіз пайдалану
- * жанған шамды қараусыз қалдырмаңыз;
- * төсекте жатып темекі шекпеңіз;
- * сіріңке мен оттықты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз;
- * жанғыш заттардың жанында от жақпаңыз.

Пешті пайдалану ережелері

Пешпен жылыту кезінде:

- * мұржаны (дымоход) күйеден уақытылы тазалаңыз;
- * от жағу үшін жанғыш сұйықтықтарды қолданбаңыз;
- * пешті шамадан тыс қыздырмаңыз;
- * жанып тұрған пешті қараусыз қалдырмаңыз;
- * пештің алдына металл парақ орнатыңыз.
- Балалардың қауіпсіздігі
- Балаларға қатысты:
- * балаларға оттың қауіптілігін түсіндіріңіз;
- * оларды қараусыз қалдырмаңыз;
- * сіріңке мен электр құрылғыларымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

Буланды ауданының ТЖБ.

Ақмолалықтардың назарына: инфекциялардың алдын алу жолдары

Ақмола облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті биылғы жылдың алғашқы үш айының қорытындысын жариялады. Өңірдегі жалпы ахуал тұрақты болғанымен, кейбір инфекциялардың белең алуы мамандарды алаңдатып отыр. Департамент басшысы Серік Омарханов облыстағы эпидемиологиялық жағдайға толық талдау жасады.

Жыл басынан бері облыс аумағында полиомиелит, сіреспе, дифтерия және безгек сияқты қауіпті аурулар мүлдем тіркелген жоқ. Сондай-ақ, тырысқақ, оба және құтыру жағдайлары да анықталмаған.

Ең қуантарлығы — жаппай вакцинацияның арқасында қызылшамен ауыру көрсеткіші 1,3 есеге төмендеді. Сонымен қатар, сары ауру (вирустық гепатит), туберкулез (1,1 есеге азайған) және түрлі паразиттік аурулардың да беті қайтқан.

Алайда, кейбір инфекциялар бойынша өсім байқалады. Мәселен, көкжөтел 1,5 есеге, скарлатина 1,3 есеге артқан. Бұл көрсеткіштер вакцинациядан бас тартудың немесе оны уақытылы жасатпаудың салдары дейді мамандар.

«Бүгінде кейбір аурулар тіркелмесе де, бұл қауіп толық жойылды деген сөз емес. Вакцинация деңгейі төмендесе, ұмытылған инфекциялар тез қайта оралуы мүмкін. Біз ата-аналарды балаларының денсаулығына жауапкершілікпен қарап, екпе күнтізбесін сақтауға шақырамыз. Тек осылай ғана біз қауіпті індеттердің жолын кесе аламыз», — деп атап өтті Серік Омарханов.

Күннің жылынуымен бірге ішек инфекцияларының қаупі де артты. Үш айдың ішінде 150 жағдай тіркелген, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,6 есе көп. Ең өкініштісі — ауырғандардың 87 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар.

Жазғы демалыс пен лагерь маусымы қарсаңында тамақ сақтау ережелерін сақтау, қолды жиі жуу және сапалы су ішу басты талап болып қала бермек.

Күннің ерте жылынуына байланысты кенелер де ерте белсенділік танытуда. Облыста кене шаққандар саны өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге артып, 90-нан астам адам медициналық көмекке жүгінген.

Ақмола облысы бойынша Сандықтау ауданы кене энцефалиті бойынша қауіпті аймақ болып қала береді. Сондықтан сәуірдің аяғы мен мамырдың басында бұл өңірде арнайы залалсыздандыру жұмыстары жүргізілімек.

Постановка на очередь на получение земельного участка

Государственная услуга оказывается местными исполнительными органами городов Астаны, Алматы и Шымкента, районов, городов областного значения, акимами городов районного значения, поселка, села, сельского округа (далее – услугодатель) физическим лицам (далее – услугополучатель).

Перечень основных требований к оказанию государственной услуги «Постановка на очередь на получение земельного участка» указан в приложении 1 к настоящим Правилам (далее – Перечень).

Прием заявления на постановку на очередь на получение земельного участка» по форме согласно приложению 2 к настоящим Правилам и документов, указанных в пункте 8 Перечня, осуществляется через портал.

В случаях представления услугодателем неполного пакета документов согласно Перечню, и (или) документов с истекшим сроком действия, услугодатель отказывает в приеме заявления.

Сведения о документе, удостоверяющем личность, о регистрации (перерегистрации) юридического лица, о регистрации индивидуального предпринимателя, либо о начале деятельности в качестве индивидуального предпринимателя, подтверждающем право собственности на недвижимое имущество, о правоустанавливающих и идентификационных

документах на земельный участок, истребуются услугодателем из соответствующих государственных информационных систем.

Услугодатели получают цифровые документы из сервиса цифровых документов через реализованную интеграцию при условии согласия владельца документа, предоставленного посредством зарегистрированного на портале абонентского номера сотовой связи услугодателя путем передачи одноразового пароля или путем отправления короткого текстового сообщения в качестве ответа на уведомление портала.

Обработка персональных данных и сведений, составляющих охраняемую законом тайну, содержащихся в информационных системах, осуществляется услугодателем с согласия услугодателя при регистрации на портале.

Услугодателю в личный кабинет направляется статус о принятии заявления на оказание государственной услуги и уведомление с указанием даты и времени оказания государственной услуги.

При обращении услугодателя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни согласно трудовому законодательству Республики Казахстан, прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются сле-

дующим рабочим днем.

Ответственный сотрудник услугодателя за формирование специального учета заявлений на постановку на очередь на получение земельного участка в течение 20 (двадцати) минут:

проходит процесс авторизации на портале; вносит данные услугодателя в список очередности на получение земельного участка;

после внесения данных в список очередности на получение земельного участка путем интеграционного взаимодействия автоматически обрабатывает все необходимые сведения для оказания государственной услуги;

направляет в личный кабинет услугодателя в форме электронного документа, подписанного ЭЦП услугодателя уведомление о постановке на специальный учет заявления, либо мотивированный отказ в оказании государственной услуги.

Услугодатель обеспечивает внесение данных в информационную систему мониторинга оказания государственных услуг о стадии оказания государственной услуги.

И. ГОЛУБЕВА, главный специалист ГУ «Аппарат акимаКапитоновского сельского округа Буландынского района».